«Wallet немесе Wallet Kit бонус карталары» бейілділік бағдарламасының ережелері:

1.1. «Wallet немесе Wallet Kit бонус карталары» бейілділік бағдарламасының осы Ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасы аумағында «ZETA PLAST» ЖШС-нің (бұдан әрі – Серіктестік) «Wallet немесе Wallet Kit бонус карталары» Бейілділік бағдарламасына жеке тұлғалардың қатысуының ресми шарттарын айқындайды және белгілейді.

1.2. Осы Ережелердің талаптары кез келген жеке тұлғаларға – Бейілділік бағдарламасына қатысу үшін тіркелген «ZETA» дүкендер желісінің сатып алушыларына қолданылады.

1.3. «Wallet немесе Wallet Kit бонус карталары» бейілділік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) – Алматы және Талғар қалаларындағы «ZETA» дүкендер желісінен тауар Сатып алушыларды ынталандыру жүйесі.

1.4. Бағдарлама құмар ойын, лотерея немесе ойын бизнесі саласындағы қызмет емес және Қатысушылар үшін қандай да бір тәуекелге негізделмеген.

1.5. Бағдарламаға https://wallet-kit.com/zeta сілтемесі арқылы Бағдарламаға қатысу үшін тіркелген жеке тұлғалар қатыса алады.

2. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Бағдарламаны ұйымдастырушы (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) – «ZETA PLAST» ЖШС, БСН 101040016346, заңды мекенжайы: 050016, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 225.

2.2. «ZETA» дүкендері, «ZETA» дүкендер желісі - Алматы қаласы мен Алматы облысының Талғар қаласында орналасқан жиһаз және халық тұтынатын тауарлар дүкендерінің желісі.

2.3. Байланыс орталығы –Ұйымдастырушы мүддесі үшін клиенттердің кіріс және шығыс қоңырауларын өңдеумен, өтініштерін қараумен, сондай-ақ дыбыстық және нон-войс арналар арқылы ақпарат берумен айналысатын ұйымның құрылымдық бөлімшесі.

2.4. Сатып алушы – «ZETA» дүкендер желісінен тауар сатып алатын жеке тұлға.

2.5. Бағдарламаға қатысушы (бұдан әрі – Қатысушы) – Сатып алушы, Бағдарламаға қатысу үшін тіркелген сәтте 18 жасқа толған және сілтеме көмегімен тіркеу рәсімінен өткен Қазақстан Республикасының резиденті. Аталған тұлғаға осы Ережелердің талаптары қолданылады.

2.6. Бағдарлама идентификаторы (бұдан әрі – Идентификатор) – Қатысушыны Бағдарламада тіркеу, верификациядан өткізу және жеке басын сәйкестендіру үшін пайдаланылатын бірегей ұялы телефон нөмірі. Бағдарламада SMS-хабарлама арқылы растау рәсімінен өту үшін Идентификатор міндетті түрде болуы тиіс. Идентификатор «ZETA» дүкендер желісінде Бонустар жинау және сатып алынған тауарға төлем жасау үшін Бонустарды пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

2.7. Бағдарламадағы верификация – Қатысушы деректерінің дұрыстығын SMS-хабарлама арқылы растау рәсімі, бұл рәсім барысында Бағдарлама идентификаторына уақытша код жіберіледі, Қатысушы сол кодты сайттағы формаға енгізуі қажет.

2.8. Бонус картасы – Қатысушының Бағдарлама идентификаторына тіркелген бірегей нөмірі бар карта. Бонус картасы Қатысушы тіркелгеннен кейін автоматты түрде жасалады.

2.9. Бонус – Сатып алушыны ынталандыруға арналған есептік бірлік, ол Қатысушының Бонустық

шотында сақталады, осы Ережелердің талаптарына сәйкес және Ұйымдастырушы осы Ережелерде белгілеген бонустарды есептеу және жою тәртібі бойынша қосылады және шегеріледі.

2.10. Бонустық шот – Бонустардың түсуі мен жойылуын есепке алуға арналған есептік жазба индентификаторы.

3. Бағдарламаға қатысу шарттары

3.1. Бағдарламаға қатысу үшін Қатысушының бірегей ұялы телефон нөмірі арқылы SMS-хабарлама көмегімен тіркеу және верификация рәсімдерінен өту қажет.

3.2. Бағдарламаға Қатысушы болғаннан кейін, Қатысушы мынадай мүмкіндіктерге ие болады:

3.2.1. сатып алған тауарлар үшін Бонустар жинау;

3.2.2. «ZETA» дүкендер желісінде келесіде тауар сатып алғанда Бонустармен төлем жасау;

3.2.3. тауарлар мен қызметтерге берілетін жеңілдіктер туралы арнайы ұсыныстар алу.

4. Бағдарламаға тіркелу

4.1. Бағдарламаға https://wallet-kit.com/zeta сілтемесі арқылы тіркелуге болады.

4.2. Тіркелу үшін анкета толтырып, мына мәліметтерді жазу қажет:

- Тегі;

- Аты;

- Ұялы телефон нөмірі;

- Туған күні, айы, жылы;

- Жынысы.

Сондай-ақ, дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беріп, Бағдарлама шарттарымен келісу қажет.

Қатысушы анкетасын толтыру Бағдарламаға қатысудың міндетті шарты саналады.

4.3. Қатысушы Ұйымдастырушының дерекқорына енгізу үшін қажетті мәліметтерді ұсынбаған немесе анкетадағы міндетті өрістердің барлығын толтырмаған жағдайда, Қатысушының Бонус картасы тіркелмейді.

4.4. Қатысушы Бағдарлама шарттарымен келісу арқылы тіркеу кезінде көрсеткен мәліметтерінің дұрыстығын растайды.

4.5. Қатысушы анкетасын толтырғаннан кейін Бағдарлама Қатысушысы міндетті түрде SMS-хабарлама арқылы верификациядан өтуі тиіс, бұл – тіркеу рәсімінің соңғы кезеңі.

4.6. Егер Қатысушы өзі туралы жалған (шындыққа жанаспайтын) мәліметтерді көрсетсе, сондай-ақ ескірген мәліметтерді уақтылы жаңартпаса, жалған (шындыққа жанаспайтын) мәліметтерді ұсынуға байланысты туындауы мүмкін кез келген теріс салдардың тәуекелін Қатысушы өзі көтереді.

4.7. Қатысушы Бағдарламаға тіркелгеннен кейін автоматты түрде Бонус картасы жасалады. Бонус картасын Қатысушы тек жеке мақсатта пайдалануға тиіс. Бонус картасының артықшылықтарын тек Бағдарламаға Қатысушының анкетасында көрсетілген тұлға ғана пайдалана алады. Бонус картасын үшінші тұлғаларға беруге және олардың пайдалануына тыйым салынады.

4.8. Ұйымдастырушы мынадай жағдайларда кез келген Қатысушының Бағдарламаға қатысуын тоқтата

тұруға немесе тоқтатуға, оның Бонустық шотын бұғаттауға және бонустарын алдын ала хабарламай жоюға құқылы:

- Қатысушы осы Ережелерді немесе Ұйымдастырушы өткізетін басқа да акциялардың шарттарын сақтамаған жағдайда;

- Ұйымдастырушыда Бонус картасын басқа тұлға пайдаланып жүр, сатып алу үшінші тұлғаның атына рәсімделіп жатыр немесе Қатысушы Бағдарламаның артықшылықтарын басқа сатып алушының есебінен пайда табу мақсатында пайдаланып жүр деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған жағдайда, егер мұндай әрекеттер материалдық залалға немесе Бағдарламаға қатысуға байланысты өзге де теріс салдарға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса. Күмәнді операцияларға қатысты күдік туғызатын негіздер Ұйымдастырушының мүддесін қорғау мақсатында жария етілмейді;

- Қатысушы Бағдарлама аясында Қатысушыға берілген қандай да бір құқықтарды немесе артықшылықтарды теріс пайдаланған жағдайда;

- Қатысушы анкетаның міндетті өрістерін толтырмаған немесе дұрыс толтырмаған, Бағдарлама шарттарымен не дербес деректерді жинауға және өңдеуге келіспеген жағдайда;

- Қатысушы жаңылыстыратын немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес шындыққа жанаспайтын мәліметтер ұсынған жағдайда;

- Қатысушы кәсіпкерлік мақсатта сауда жасағаны, яғни тауарларды кейіннен сатылымға беру немесе қайта сату үшін жасағаны анықталса не мұндай сатып алулар көтерме саудаға жатқызылса;

- Қатысушы соңғы сатып алған күнінен бастап бір жыл ішінде Бонус картасын бонустар жинау немесе пайдалану үшін қолданбаған жағдайда.

4.9. Осы Ережелердің 4.8-тармағының тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша Бағдарламаға қатысу тоқтатылған жағдайда, Қатысушы Бағдарламаға қатысу шарттарын сақтамағандықтан, Бонустар жойылады.

4.10. Қатысушы кез келген уақытта Бағдарламаға қатысуын өз бетінше тоқтатуға немесе бонус картасын жоюға құқылы, ол үшін market@zeta.kz электрондық поштасына қатысуды тоқтату туралы жазбаша хабарлама жіберу немесе +7 (727) 313-13-51, +7 (771) 949-91-23, +7 (777) 313-13-67 (WhatsApp) телефон нөмірлері арқылы байланыс орталығына хабарласу қажет. Мұндай хабарлама алынғаннан кейін Қатысушы жинақтаған Бонустар жойылады.

4.11. Бонус картасы Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезеңде немесе осы Ережелерге сәйкес Қатысушының Бағдарламаға қатысуы тоқтатылған басқа күнге дейін жарамды болады.

4.12. Бағдарламаның қолданылу мерзімі шектелмеген. Алайда Ұйымдастырушының шешімі бойынша Бағдарламаның қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Бұл жағдайда Қатысушыларға Бағдарламаның аяқталуына кемінде бір ай қалғанда сайтта ақпарат жариялау немесе өзге де тәсілмен алдын ала хабарланады.

4.13. Бағдарламаға тіркелу арқылы Қатысушы осы Ережелерді толық қабылдайтынын растайды және оларды сақтауға әрі орындауға міндеттенеді.

5. Дербес деректерді өңдеу және ақпараттық хабарламалар алу

5.1. Сатып алушы Бағдарламаға Қатысушы бола отырып:

5.1.1. Осы Ережелермен келіседі;

5.1.2. Ұйымдастырушыға өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге, оның ішінде оларды

жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға (нақтылауға, жаңартуға, өзгертуге), пайдалануға, үшінші тұлғаларға беруге, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға келісім береді, дербес деректерге, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, ұялы телефон нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты, жынысы, туған күні, айы, жылы, E-mail жатады. Дербес деректер мынадай мақсаттарда өңделеді: Ұйымдастырушының тауарлары мен қызметтерін ұсыну, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Қатысушыны Бағдарламада сәйкестендіру, Қатысушыны Бағдарламада верификациядан өткізу, Бонустардың жиналуы мен пайдаланылуын есепке алу рәсімін қамтамасыз ету, тауарларды жеткізу, сервистік қызметтер көрсету, жарнамалық хабарламалар тарату (оның ішінде өткізілетін акциялар мен арнайы ұсыныстар туралы SMS-хабарламалар, E-mail, Telegram-бот, телефон және өзге де байланыс құралдары арқылы хабарлау), «ZETA» дүкендер желісінің жұмысы туралы пікір жинау.

5.2. Қатысушы өзінің дербес деректері оларды өңдеу мақсаттарына сәйкес келетін тәсілдермен, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалану арқылы немесе оларды пайдаланбай өңделетінімен келіседі.

5.3. Қатысушы келісімді Бағдарламаға қатысудың бүкіл мерзіміне немесе Бағдарламаның қолданылу мерзіміне береді.

5.4. Қатысушы осы келісімді кез келген уақытта market@zeta.kz электрондық пошта мекенжайына «Дербес деректерді өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып алу» деген белгімен тиісті жазбаша өтініш жіберу арқылы кері қайтарып ала алады. Бұл ретте Қатысушы келісімді кері қайтарып алу Бағдарламаға қатысуының автоматты түрде тоқтатылуына, Бонус картасы мен Бонустық шот бұғатталатынына, бұғаттау Бонус картасын пайдалануға мүмкіндік бермейтініне және картада жинақталған барлық бонустың жойылуына әкеп соғатыны туралы хабардар етіледі және мұнымен келіседі.

6. Бонус картасын пайдалану

6.1. Қатысушы бонус картасын «ZETA» дүкендерінің кассаларында пайдаланады және көрсетеді. Бонус картасын Қатысушы Алматы және Талғар қалаларындағы «ZETA» дүкендер желісінен сатып алған тауарлары үшін Бонустар жинақтау немесе олармен төлем жасау мақсатында жеке өзі ғана пайдалана алады.

Ол үшін дүкен кассасында Бонус картасын сканерлеу үшін көрсету және қажет болған жағдайда Бонус картасын сәйкестендіру мақсатында өзінің дербес деректерін хабарлау қажет. Сатып алу кезінде Бонус картасы чекке енгізілмей сатып алынған тауарлар мен қызметтер үшін кейіннен Бонустар қосылмайды және есептен шығарылмайды.

6.2. Бонустарды тек Алматы және Талғар қалаларындағы «ZETA» дүкендерінде жинауға және пайдалануға болады.

6.3. Бонустар қосымша қызметтерге (құрастыру, жеткізу, тауарды қажетті қабатқа көтеру) қолданылмайды.

6.4. Тауар қайтарылған жағдайда, сатып алу кезінде жұмсалған Бонустар Қатысушының Бонустық шотына қайтарылады, бірақ сол сатып алу үшін есептелген бонустар жойылады.

7. Бағдарламаның деңгейлері мен Кэшбэктің мөлшері

7.1. №1 кесте

Деңгей атауы	Шекті сома	Кэшбек пайыздары

BRONZE	1 000 000 теңгеге дейін	1%
SILVER	1 000 000 теңгеден 2 000 000 теңгеге дейін	2%
GOLD	2 000 000 теңгеден 3 000 000 теңгеге дейін	3%
PLATINUM	3 000 000 теңгеден 4 000 000 теңгеге дейін	4%
DIAMOND	4 000 000 теңгеден астам	5%

7.2. Егер Қатысушы жалпы сомасы 1 000 000 теңгелік шекті сомадан аспайтын мөлшерде тауар сатып алса, оған сатып алған сомасының 1% мөлшерінде кэшбэк есептеледі.

7.3. Қатысушы келесіде тауар сатып алған кезде жалпы сомасы келесі деңгейлердің шекті сомасына жетсе, ол келесі деңгейге өтеді және оған №1 кестеде көрсетілген мөлшерде Кэшбэк есептеледі.

7.4. Есептелген кэшбэк пен берілген деңгейдің жарамдылық мерзімі – есептелген күннен бастап 180 күн. Егер Қатысушы осы мерзім ішінде тауар сатып алса, Бонустар мен деңгейдің жарамдылық мерзімі тағы 180 күнге ұзартылады. Егер 180 күн ішінде тауар сатып алмаса, бонустар жойылады, ал деңгей бір сатыға төмендетіледі.

8. Тіркелу және мерекелік бонустар.

8.1. Бағдарламаға тіркелген кезде Қатысушыға 1000 бонус беріледі.

8.2. Жыл сайын туған күніне орай Қатысушыға 3000 бонус беріледі. Бонустар қосылуы үшін Қатысушы Бағдарламаға туған күнінен кемінде 1 күн бұрын тіркелуі қажет. Туған күнге орай қосылған мерекелік бонустардың жарамдылық мерзімі – 7 күнтізбелік күн. Қатысушы анкетасындағы «Туған күні» өрісі толтырылмаған жағдайда, Қатысушының Туған күнінде Бонус есептеу мүмкін болмайды.

9. Бонустарды есептеу

9.1. Есептелетін бонустардың саны осы Ережелердің 7.1-тармағында белгіленген тауар құнының нақты % (пайызы) ретінде саналады (Кэшбэк).

9.2. Бонустар «ZETA» дүкендер желісінде Бонустық картаны пайдаланып тауар сатып алған кезде есептеледі.

9.3. Бонустар барлық тауарды сатып алғаны үшін қосылады, төмендегі жағдайларды қоспағанда:

9.3.1. тауарды Ұйымдастырушы ұсынған дербес жеңілдік бойынша бөлшек сауда бағасынан төмен бағамен сатып алған кезде;

9.3.2. тауар ақысын кредит/бөліп төлеу арқылы төлеген кезде;

9.3.3. сыйлық сертификаттарын сатып алған кезде:

9.3.4. қосымша қызметтерді (жеткізу, құрастыру, қабатқа көтеру) сатып алған кезде;

9.3.5. шектеулі маркетингтік акция тауарларын сатып алған кезде.

Жекелеген тауарларға немесе брендтерге бонустар есептеуге шектеулер қойылуы мүмкін. Бонустарды есептеу шарттары туралы толығырақ тауардың парақшасындағы ақпараттан білуге болады.

9.4. Бонустармен немесе сыйлық сертификаттарымен төленген тауарларға Бонустар есептелмейді. Тауар құнының бір бөлігі Бонустармен төленген жағдайда, Бонустар тек ақшалай төленген бөлігіне ғана есептеледі (Бонустармен төленген сома шегеріледі).

9.5. Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша Бонустарды есептеу және/немесе есептемеу шарттарын өзгертуге құқылы.

10. Бонустардың есептелу, іске қосылу және жойылу тәртібі

10.1. Бонустар Бағдарламаға Қатысушы тауарды алғаннан кейін есептеледі. Есептелген кезде Бонустар «Белсенді емес» мәртебесін алады, яғни оларды сатып алу кезінде пайдалану мүмкін болмайды. Бонустар есептелген күннен бастап 15-ші күні іске қосылады, Бонустық шотқа түседі және Қатысушыға қолжетімді болады.

10.2. Қолжетімді бонустар – сатып алынған тауарлардың ақысын төлеу үшін пайдалануға болатын іске қосылған Бонустардың жалпы сомасы. Іске қосылған Бонустардың жарамдылық мерзімі шектеулі және Бонустардың әрбір сомасы іске қосылған күннен бастап 180 күнді құрайды.

10.3. Жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін Бонустар жойылып, Бонустық картадан есептен шығарылады. Жарамдылық мерзімінің аяқталуына байланысты картадан есептен шығарылған Бонустар қалпына келтірілмейді.

10.4. Қатысушы тауар сатып алған сайын есептелген Бонустарды өз бетінше қадағалай алады.

10.5. Ұйымдастырушының Бағдарламаға қатысушының Бонустық шотына Бонустар есептеу міндеттемесін растайтын құжат болып кассалық чек немесе Бағдарлама аясында тауар сатып алынғанын растайтын қағаз түріндегі өзге құжат саналады. Ұйымдастырушы Бонустардың есептелуіне қатысты барлық шағымды кассалық чек немесе Бағдарлама аясында тауар сатып алынғанын растайтын қағаз түріндегі өзге құжат ұсынылған жағдайда ғана қарайды.

10.6. Қатысушы тауар ақысын төлеу үшін Бонустарды пайдалануды талап еткен кезде, Ұйымдастырушы жекелеген жағдайларда одан жеке басын куәландыратын құжатты талап етуге құқылы. Жеке басын куәландыратын құжаттың ұсынылмауы тауар ақысын төлеу үшін Бонустарды есептен шығарудан бас тартуға негіз болуы мүмкін.

10.7. Бонустарды қолма-қол ақшаға айырбастауға болмайды.

10.8. Бағдарламаға Қатысушының Бонустарды немесе оларды алу құқығын басқа Қатысушыларға не өзге үшінші тұлғаларға сыйға тартуға, сатуға немесе басқа жолмен беруге, сондай-ақ Бонустарды немесе оларды алу құқығын кепілге қоюға не оларға қандай да бір өзге ауыртпалық салуға құқығы жоқ.

11. Сатып алған тауар ақысын Бонустармен төлеу ережелері

11.1. Жиналған 1 бонус 1 теңгеге тең.

11.2. Қатысушы сатып алған тауар құнының 50% дейін Бонустармен төлей алады.

11.3. «ZETA» дүкендер желісінің кассасында тауар ақысын төлеу кезінде пайдалануға қолжетімді Бонустар Қатысушының Бонустық шотынан есептен шығарылады.

11.4. Сатып алынған тауар ақысын төлеуге жұмсалатын Бонустар сомасы Бонустық картадағы Қолжетімді Бонустар сомасынан аса алмайды.

11.5. Бонустар хронологиялық тәртіппен жұмсалады: алдымен жарамдылық мерзімі ертерек аяқталатын Бонустар пайдаланылады.

11.6. Егер Бағдарламаға Қатысушы 2 (екі) немесе одан да көп тауардың ақысын Бонустармен төлесе, жұмсалатын Бонустар сомасы сатып алынған тауарлар арасында әр тауардың құнына пропорционалды түрде бөлінеді.

11.7. Бонустарды «ZETA» дүкендеріндегі кез келген тауарды/қызметті сатып алу үшін пайдалануға болады, мына жағдайларды қоспағанда:

11.7.1. сыйлық сертификатын сатып алу;

11.7.3. сатып алынған тауарды кредит/бөліп төлеу арқылы төлеу;

11.7.4. Ұйымдастырушы ұсынған дербес жеңілдік бойынша нарықтағы бағадан төмен бағамен тауар сатып алу;

11.7.5. қосымша қызметтердің (жеткізу, құрастыру, тауарды қабатқа көтеру) ақысын төлеу;

11.7.6. шектеулі маркетингтік акция аясында тауар сатып алу.

11.8. Ұйымдастырушы Бонустармен төлеу шарттарын өз қалауы бойынша өзгертуге құқылы.

12. Тауарды қайтару шарттары

12.1. Бонустар есептелген тауарды қайтару. Қатысушы Бонустар есептелген тауардан бас тартса немесе оны қайтарса, сол тауарды сатып алғаны үшін есептелген Бонустар Қатысушының Бонустық шотынан есептен шығарылады.

12.2. Бонустармен төленген тауарды қайтару. Бонустармен төленген тапсырыс жойылса және/немесе Бонустармен төленген сатып алу чегінің негізінде тауарды қайтару чегі рәсімделсе, сондай-ақ Қатысушы сатып алған тауарынан бас тартса, тауар ақысын төлеуге жұмсалған Бонустар Қатысушының Бонустық шотына қайтарылады.

12.2.1. Егер Қатысушы 2 (екі) немесе одан да көп тауарды Бонустармен төлеп, кейін олардың 1 (біреуін) қайтарса, қайтарылған тауар үшін жұмсалған Бонустар саны Қатысушының Бонустық шотына қайтарылады.

12.2.2. Егер жұмсалған Бонустардың жарамдылық мерзімі аяқталмаған болса, Бонустардың жарамдылық мерзімі өзгеріссіз қалады.

13. Техникалық шектеулер

13.1. Ұйымдастырушы техникалық себептерге байланысты (байланыс арналарының немесе серверлердің жұмысындағы ақаулар, электр қуатының үзілуі, жабдықтың немесе бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысындағы техникалық ақаулар) Бонус картасы бойынша операцияларды орындауды уақытша тоқтатуға құқылы.

14. Артықшылықтар Клубына қатысу шарттарының өзгеруі

14.1. Ұйымдастырушы Бағдарлама шарттарын өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Ережелер Қатысушыға алдын ала хабарланбастан өзгертілуі мүмкін.

14.2. Ұйымдастырушы қате есептелген Бонустарды біржақты тәртіппен есептен шығаруға, сондай-ақ Қатысушы осы Ережелердің талаптарын бұзған жағдайда оның Бонустық картасын бұғаттауға құқылы.